



Дулат ТҰРАНТЕГІ




ЫСҚАҚ БАП



Бұл кітап
құллі түркі жұртының
рухани астанасы
мұсылмандар үшін
екінші Мекке атанған
Түркістанның 1500
жылдығына арналады



Дулат **ТУРА**НТЕГІ



ЫСҚАК БАП

**ББК 63.3(2К)
Т 86**

Тұрантегі Дулат

**Т86 Ысқақ бап.—Алматы: Сөздік-Словарь, 1999.—128-бет.
ISBN 5-7667-4533-8**

Бұл кітап дала түріктеріне исламды ең алғаш таратушылардың бірі Ысқақ бап жайындағы алғашқы деректі тарихи баян. Автор көптеген көне, жаңа деректер мен насабнама, рисалаларға сүйеніп, оларды сарапқа салып, жүйеге келтіріп өзіндік пайымдаулар жасайды. Сонымен бірге, ел аузындағы жекелеген аңыз өңгімелерді пайдаланып сонау VIII ғасырдың соңыға карай қазақ даласына жеткен ислам тарихынан сөз қозғайды.

Кітап тарих зерттеушілері мен осы мәселемен қызығатын көпшілікке арналған.

0503020905-012
Т 438(05)-99

ББК 63.3(2К)

ISBN 5-7667-4533-8

© Тұрантегі Д, 1999
© Сөздік-Словарь, 1999

Бұл еңбектің жарық көруіне қамқорлық жасап, өздерінің құнды пікір-кеңестерін білдіргені үшін Қазақстанның халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов ағамызға, қазір Қызылорда қаласында тұрып жатқан есімі бүкіл елімізге кеңінен танымал ардагер ағамыз Исатай Әбдікәрімов пен Сейілбек Шауқамановтарға шексіз алғысымызды айтамыз.

Ысқақ баптың асып өткізуге бастамашы болып оның арнайы қорын ашып, қаржылай үлкен үлес қосқан Созақ ауданының белгілі азаматы Амангелді Нұрлаевтың еңбегі ерекше атауға лайық.

Сондай-ақ осы жұмыстың басы-қасында жүріп белсене ұйымдастырушылық еңбек еткен Созақбай Әбдікүлов, Сержан Әлтековтерге, жиынға қатысушыларға ұлы бабадан теберік-жөдігерліктер дайындауда үлкен үлес қосқан әкелі-балалы Тұрғанбек, Асқар Дәуленбаевтарға, Молдахмет Әшімовке, жас кәсіпкер Ыбырай Исаұлына т.б. Алматы, Қызылорда қалаларында тұратын әулиенің үрімбұтақ, зәулет-жұраттарыша қосқан үлестері үшін үлкен рахметімізді айтамыз.

Автордан

«Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ. ...Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихи жолын ойлегінен өткізіп, «кеше кім едік?», «бүгін кіміз?», «ертең кім боламыз?» деген төңіректе ойлансын деген сөз. Бұл әрбір азамат туған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін түсінсін деген сөз.

Жер байлығы деген ұғым бар, ел байлығы деген ұғым бар, сонымен бірге, меніңше ер байлығы деген де ұғым болуға тиісті. ...Ол — ұлттың биік рухы. Елдің өзін-өзі сыйлауы. ...Ер байлығының өлшеуіші — елдің өзін ел сезінуі».

(Н.Назарбаев. «Қалың елім қазағым»).

Бабалар рухына тағзым
(алғысөз орнына)

Кітапшаның құлақ күйі ретінде Елбасымыздың сөзі алынғанын байқадыңыздар. Онда елдің биік рухын қастерлеу туралы айтылады. Бұл тұрғыда соңғы жылдары атқарылып жатқан шаралар да аз емес. 1993 жылы Ел бірлігін аңсаған үш биге арналған Ордабасыдағы үлкен жиынды айтпағанның өзінде, айшықты Алтайдан — ақшулан көбікті Атырауға дейінгі аралықты алып жатқан ұлан-ғайыр еліміздің тарихын қозғап, рухын оятқан аса ірі тұлғаларды еске алу, ас беру, оларға ескерткіштер орнатып, сағаналарын жаңарту жөнінде атқарылған істер қаншама?!

Абылайхан мерейтойы, Жөңгірхан жөдігерлігін жаңарту, Есет батырға, Қарасай батырға, Ағынтай батырға, Қойкелді батырға ас беру шаралары бабалар аруағын қастерлеудің шын үлгісі болды.

Сол үлкен даланың қасиетті қара шаңырағы — Қаратау өңірінде өткізіліп жатқан соңғы жылдардағы жиындардың тағылымы өзгеше. 1994 жылы бүкіл Республикамыз болып атап өткен бес арысымыз — Сөкен, Ілияс, Бейімбет, Сұлтанбек, Тұрарлардың туғанына 100 жыл толу мерекесі тарихымызды қайта жазуға зор септігін тигізгені ақиқат. Тарих өткенге емес, осы күнге, болашаққа қызмет етеді. Елдің елдігіне, мемлекетіміздің дербес мемлекет болып қалыптасуына аянбай қызмет еткен тарихи ұлы

тұлғалар мен ардагерлердің орны өз алдына. Солармен қатар арғы бабаларды халқымыздың қанына сіңген азатшыл да, өр рухымыздың туы болған аруақтарды қастерлеп, олардың сағаналарын жаңартып, есімдерін дәріптеу де ұрпақ тәрбиесі үшін, өзін-өзі танып білу үшін мәні зор.

Сондай үлкен маңызы бар бірқатар игі істер Созақ ауданында салихалы жиын болып өткізіліп келеді.

1996 жылы дәл осындай қыркүйек айының алғашқы жұма, сенбісінде есімі бүкіл түркі жұртына мәлім, эпостар мен аңыз өңгімелердің басты кейіпкері, өрі тарихи тұлға Баба Түкті Шашты Әзіз әулиеге ас беріліп, кесенесі жаңартылды. Кесенені қайта жаңартуға бүкіл оңтүстік өңіріне аты өйгілі «Оңтүстік» компаниясының президенті Сейітжанов Серікжан қолқабыс жасап, жиынның өтуіне қаржылай көмек берді.

Бұл асқа Қазақстанның бірқатар облыстары мен көршілес елдерден де өкілдер келгенін айтуымыз керек.

Дәл осындай алқалы жиын келесі 1997 жылы да болып өтті. Бұл жолы тағы да аты исі мұсылман қауымға кеңінен танымал өрі батыр, өрі дін уағыздаушы Қарабура өулиенің кесенесі қайта салынып, топырақ үйлесім қоры (пантеон) ашылды. Мұнда Пайғамбарымыздың сүйегі жатқан жері Мекке қаласынан топырақ өкелініп, бүкіл Қаратау өңірінің халқына шапағаты тиер ме екен деген игі ниет, ақ тілеу жасалынды. Сондай-ақ, мұнда Бейбарыс бабамыз мәңгілік орын тепкен бейіттен бір шымшым топырақ өкелініп қосылды. Бұдан басқа да ел аузындағы көптеген ірі тұлғалардың есімі жазылған құлыптастар орнатылып, пантеонды аралап жүргенде бейне бір қазақ тарихын көз

алдыңнан өткізіп тұрғандай өсер қалдыратын жөдігерліктер жасалған.

Бұл кесенені осы өңірде ата-бабасы өмір сүрген, Сарыарқа акционерлік қоғамының президенті, белгілі кәсіпкер Ержанов Құрал өз қаржысына тұрғызды. Қарабура өулиенің арнайы қоры құрылып, оның қаржысына аса қажетті тарихи тақырыпта зерттеу еңбектерін басып шығару, кемтарларға жәрдем беру, жыл сайын маусым айының 13 жұлдызында (кесене қайта жаңартылған күн) өулие рухына бағыштап Құран оқып, ас беру жұмыстары жүргізілуде.

Ауданда салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-рухани жұмыстарды жалғастыру арқылы тұрғындарға, жастарға имандылық, адамгершілік тәрбие беру жұмыстары одан өрі кең өрістетіле түсуде. Өткен 1998 жыл Созақ ауданының еңбеккерлері ауданның құрылғанына 70 жыл толу мерекесін ойдағыдай атап өтті. Осы шаралар аясында ауданда халық таланттарының алғашқы «Теріскей таланттары» фестивалі жалау көтерді. Бұл шаралар арқылы таланттар мен дарын иелеріне бай болған Созақ өңірінде сол аяулы есімдер ұмытылып қалмауына, жаңа жас таланттардың өнер қанатын қатайтып, үлкен өмірге құлаш сермеуіне мүмкіндіктер жасау көзделуде. Бұл үмітіміздің ақталатынына бірте-бірте көз жете бастады. Өткен жылы да, биылғы 1999 жылы да өткен фестивальда жеңіске жеткен жас ақындардың кітапшалары жеке кітап болып жарық көріп отыр.

Әдебиет пен өнерді насихаттау арқылы осы өңірде туып өскен өйгілі сөз шеберлерінің мерейтойларын өткізуге зор мүмкіндіктер туды. Өткен жылы «Төрт арысымыз» деген атпен Төкен Әлімқұлов, Төлеген

Момбековтердің туғанына 80 жыл толуын, Бөтима Батырбековаға 70, Асқар Сүлейменовке 60 жыл толу мерейтойларын өз дәрежесінде атап өттік. Бұл шаралардың бөрінің ойдағыдай өтуіне аудандағы ынталы топтар мен қоғамдық ұйымдардың жұмыстарын үйлестіріп, басшылық жасау жұмыстарын өкімшілік өз қолына алып отырды.

Нарық заманының қиыншылықтарына мойын ұсындырмай, елді торығушылық, күйкі тірліктің кедір-бұдырынан арылтудың, өрі ел еңсесін көтеруге бағытталған қандай да болсын жұмыстарды өрістетіп отыру өкімшіліктің басты міндеттерінің бірі екенін терең ұғынудамыз. Әрқашан да елдің көкейіндегі аңсарларды дөп тауып, оның іске асуына мұрындық бола білу бүгінгі ел басқару жүйелерінің ең негізгі парызы.

Бүкіл ел болып жұмыла атқарған жұмыстар елдің рухын аспандатарына талай рет көз жетті. Соның айқын дәлеліндей биылғы жылы жаздың басында Бөйдібек ауданының халқы бастама көтеріп, бүкіл Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған, бір шеті көршілес мемлекетте тұратын бауырластар бір жағадан бас шығарып Бөйдібек баба, Бес ана, Домалақ аналарға арнап сағаналар соғу, сол ұлы тұлғаларға арнап ас беріп, еске алу жұмыстары республикалық деңгейде өткен үлкен шаралардың бірі болғаны белгілі.

Жиынға Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбай қатысып, осы жиынға арнаған Нұрсұлтан Назарбаевтың сөлем хатын оқып беруінде үлкен мән жатыр. Осы жиында сөйлеген сөзінде Әбіш Кекілбай:

«Өткенін ұмытпайтын ұлтқа сенсеңіздер — бізге сеніңіздер!

Атасын ұлықтайтын ұлтқа сенсеңіздер — бізге сеніңіздер!»;

«Солардың арманын жалғап, өнегесін өрбітіп, өз келешегімізді өзіміз кемелдендіруге ұмтыламыз!» — деп тебірене толқығаны естен кетпейді. Ел бірлігіне, ұрпақ ұлағатына қызмет ететін мұндай халықтық жиындар жалғаса бермек.

Ел президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы жылды өз жарлығымен «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп жариялауы өткен жылдардағы ізгі игілікті істердің заңды жалғасы екендігі сөзсіз.

Міне, соның айқын көрінісі ретінде қарт Қаратаудың қойнауы биылғы күзде тағы да бір үлкен дүбірге құлақ түрмекші.

Ол тамыз айының соңына таман өткізілетін той, ауданымыздың Сызған елді мекенінде, Қаратаудың ең биік шоқысы — Мыңжылқы баурайында бой көтерген Саңғыл баба кесенесінің ашылу рәсімі болмақ. Әйгілі Шыңғысханның замандасы, өрі үзеңгілесі Саңғыл баба өзінің көреген мөмілегерлігі арқасында бүкіл бір елді жойқын қырғыннан аман алып қалуға көп қызмет еткен айтулы тұлға. Ол сонымен бірге бүкіл бір рудың атасы, өсіп өнген ұрпақтың түп бабасы.

Бұл кісіге көрсетілетін ізгі істер тек рудың ғана атын шығару немесе соған орай бөлектену емес. Бұл ел бірлігі мен туыстығын арттырудың тағы бір шарасы. Міне, сол үшін де бұл жиынға тек сол өулет ұрпақтары ғана емес, құлақ естіп, көз жетер жердегі Алаш ұрпағы, бауырлардың бөрі ат салысуға құлшыныс білдіріп отыр.

Бұл бабаның кесенесін тұрғызуға осы өлкеде туып өскен жас көсіпкер Бәкен Мақұлбеков пен арнайы

құрылған қордың президенті Бектас Шірікбаевтар шын ықыласымен қызмет етіп келеді.

Бұл айтылғандар ауданымызда өтіп жатқан игілікті шаралар туралы мағлұматтар ғана. Бұл сөздің басты арқауы — Ысқақ Бапқа ас беру, оның кесенесін жөндеуден өткізіп, күллі Қазақстанның Оңтүстік аймақтарына, сонау Арал теңізінен, шығыста Тарбағатай тауларына дейін Исламның жасыл туын желбіреткен бірегей тұлға хақында болмақ. Өткен мен бүгінді сабақтастыратын тарих десек, бұл жарық көргелі отырған кітап та сол тарихтың бір бөлігі. Келешек үшін қызмет етіп, ұрпақтар мен ұрпақтар бірлігін сақтайтын, жас жеткіншектерге тарихи-танымдық бағыт беретін оқылым болады деп сенеміз.

Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбарымыз бен Әзірет Әлінің тікелей ұрпағы болып келетін Ысқақ Баптың елдің мәдени, рухани өрлеуіне қосқан үлесі, сіңірген еңбегі өлшеусіз. Ол сонау VIII ғасырдың соңында, IX ғасырдың басында ислам дінін Түрік уалаятына ең алғашқы болып таратушы адам. Содан былай қарай қазақ деген халық өзінің болашағын мүлдем жаңа мәдениетпен байланыстырды. Оған дейін манихей діні, ауық-ауық мысықтабандап христиан дінін уағыздаушылар иемдене бастаған үлкен далаға Түрік қағанатының ыдырауына байланысты Будда, лама діндерін бетке ұстап Қытай империясы жайлап өріс кеңейте бастаған кез еді. Осындай Ұлы империя тарап, ел бытыраңқылыққа ұрына бастаған шақта өрі дін уағыздап, өрі сол дін арқылы елді біріктіруге қызмет еткен Исламның ролі орасан екенін қазір ұғыну қиын. Мұны тек арнайы зерде қойып зерттеп, тарихтан алуға тиісті заңды орнын өперген шақта ғана қаншалықты маңызды мәселе екеніне көз

жеткізуге болады. Мына ұсынылып отырған кітап сол іске, түз Түріктеріне Исламның тарала бастауына шолу жасалынып, жұртшылықтың назарын аударатын алғашқы қадам ғана деп сенеміз.

Кітапта тарихи хрестоматиялық деректерге ғана сүйенетін, өркімге белгілі жайларды қайталамай бұған дейінгі зерттеулерден мүлдем бөлек, автордың өзінше ізденіп, бірқатар деректерге үңіліп, ішінен ислам тарихына, оның ішінде Ысқақ Бапқа қатысты деректерді тырнақтап жинаған еңбекқорлығы байқалады. Осы саладағы ескі рисала, нысабнама, шежірелерді де мұқият зерттеп, салыстырып, шындыққа жуық нұсқалары бойынша қорытынды жасайды.

Аудан халқы Ысқақ Баптың кесенесін жөндеп, Ұлы Бабаның асын өткізуге тыңғылықты өзірленіп келді.

Аудандағы белгілі кәсіпкер азамат Амангелді Нұрлаевтың бастамасымен арнайы қор құрылып, ас беру, кесенені жөндеу, кітап шығару жұмыстары ұйымдастырылуда. Бұл шараларды ойдағыдай жүзеге асыру үшін аудан әкімшілігінен арнайы комиссия құрылды. Комиссияның төрағасы болып аудан өкімінің бірінші орынбасары Әбдіқұлов Созақбай бекітілді. Комиссия мүшелерінің әрқайсысы да өздеріне лайықты жұмыс белгілеп алып, астың қалай да ойдағыдай өтуі үшін қызу жұмысқа қосылды. Бұл ас тек аудан тұрғындарының іс-шарасы емес, бірнеше аудан, облыстарды қамтитын, Ысқақ Бап өулиенің бүгінде көп тарап кеткен ұрпақтарының басын қосатын, одан соң исі мұсылман жұртшылығының имандылық шараларға ат салысуы деп білуіміз керек. Қорды құрушы А.Нұрлаевтың жеке өзі бүкіл асқа кететін шығындардың бөрін

көтеріп, сойыс малдарды дайындау, кітап шығаруға қаржы бөлу міндетін өз мойнына алды. Имандылықты дәріптеу жолында ауданның басқа да тұрғындары өз шама-шарқынша белсене кірісіп кетті.

Бұл астың бір ерекшелігі таза діни уағызға баса көңіл аударылып, көптеген мешіттерден діни оқу орындарынан өкілдер қатыстырылуға көбірек көңіл бөлініп отыр. Мұнда ат шаптырып, балуан күрестіру немесе басқалай шаралар өтпейді. Елдің елдігін, бірлігін, жастардың имандылыққа бой ұруы, ислам негіздерін танып білуі, оның ел тағдырымен байланысын сезіну, сөйтіп бұрын тоталитарлық жүйе кезінде айтуға тиым салынып келген, бірақ аса үлкен азаматтық, тарихтық-рухани мөні бар бірегей тұлғаның ардақты бейнесін көпшілікке паш ету.

Бұл шаралар алдағы атап өтілмекші болып белгіленген Түркістанның 1500 жылдық мерекесі қарсаңындағы айтулы жұмыстардың бірі өрі бастамасы болмақ. Бүкіл ислам өлемінде екінші немесе кіші Мекке атанған Түркістан, онда мөңгілік қоныс тепкен ұлы ақын, Түркі сопыларының негізін қалаушы Қожа Ахмет Иассауи деп білсек, бұл ас беріліп отырған өулиеміз сол Қожа Ахметтің түпкі бабасы екендігін жұртшылыққа жеткізу.

Зияраттарыңыз қабыл болсын.

Қуаныш Айтаханов,
Созақ ауданының өкімі

Илайка уәһиуһ уә құр
рабби зидни илма.
(Жаратушы ием,
білімді көбейте көр).

Құран -Көрімнен

Дала түріктеріне исламның таралуы

Түрік тектес халықтардың қалыптасуына негіз болған тайпалардың төңірді танып білгеніне үш мың жылдың көлемі боп қалды деп жүр ғалымдар. Ал өз жыл санауымыздың қазір жиырма ғасырын артқа салсақ, оның XII ғасыры түрік халықтары үшін ислам дініне байланысты екені тағы бар. Тарихи сана-сезім мен ұлттық мүдденің қайта оянуы еліміз егемендік алып, ес жия бастаған бүгінгі кезеңнің рухани өміріндегі айтулы оқиға. Соған қарамай ел тарихын, оның өдебиет, мәдени даму жолдары мен тарихын қайта жазу — бүгінгі таңда аса күрделі қажеттіліктен кезек күттірмес зәрулікке жеткені ақиқат. Әркімнің өз тарихын білуі рухани кемелдіктің негізгі белгісі екені даусыз. Бір кездері тарихи көркем шығармалар көбейіп бара жатыр деп, оны өдебиетіміздің бетіне шіркеу ретінде басқан тұстар да болған. Ал, шынтуайтына келгенде сол «көп» болып саналған тарихи романдар шын мәнінде ел-жұртымыздың бір сілкінбей қоймайтын тарихи санасының түлей бастауының белгісі ғана еді.

Қай елдің тарихын назар салсаңыз да сол халықтардың сенім-нанымы сөз болған, діни оқиғалар қамтылған жазба жөдігерліктері сан алуан.

Көбіне, бөрі де дінге, діни соғыстар, шіркеу-храмдардың айналасындағы оқиғалар, сол елдің тарихының жазылуына негіз болып келген.

Әлгінде айтқандай, еліміздің тарихы қайта жазылар тұста бүкіл түрік өлемімен бірге біздің дала түріктеріне исламның енуі, оның бұдан былайғы бүкіл тұрмыс, тіршілікке еткен ықпалы (өзімізді өзіміз қанша аса діншіл халық емеспіз деп айтқанымызбен) тағдырлас, тілдес, туыстас тайпаларды ұлт қылып біріктірудегі ролі ескерілмей қалмау керек. Бұл өз алдына. Ендігі өңгіме, исламның шығысқа, оның ішінде түз түріктеріне таралуы жөнінде болмақ. Ислам діні о бастан-ақ бірлікті аңсаған. Ол белгілі бір ұлттың, тайпаның (рудың), немесе нәсілдің, немесе бұған дейін айтылып келгендей таптың, немесе билеушінің, партияның (топтың) мүддесі үшін қызмет етпейтін дін екені белгілі. Ол кім болса да, тек мұсылмандықтың жолын адал орындауды талап етеді. Адамдардың ақыл-ойын билеп, ұйымдастыру қабілеті зор екендігін ескеріп, өр кезден-ақ оны өз мақсаттарына пайдаланып қалу құралына айналдырудан ешбір патша (не билеуші) қашқан емес. Бұған дейінгі зерттеулердің өзінде де исламның өлемге таралуы жөніндегі пікірлерде өр зерттеушінің өз заманының ынта-аңсары неге ауып тұрғанын қанша бүркемелегенін аңғаруға болады. Мәселен, кейінгі советтік тұстағы өдебиеттерде дінге таптық тұрғыда, саяси тұрғыда қарау басым болса, оған дейінгі өткен ғасырдағы батыс зерттеушілерінде аздап болса да Еуроцентристік іштарту (былайша айтқанда христиандыққа бүйрек бұрушылық) болмай қалған жоқ. Ал, араб, парсы зерттеушілерінің өзінде де байрығы заман сызы, сол кезеңнің үстем көзқарастары белгі беріп отыратыны аңғарылады.

Түрік дүниесінде арабтар жайлы алғашқы деректер сонау Орхон-Енесай жазбаларында көріне бастаған. Онда арабтарды «таздар», «тазкирлер» деп атаған. Ескі парсы іс қағаздарының арасында «Тазкир насаб-намасы» деген жазбалар кездеседі. Бұл деректерді кезінде В.Бартольд те пайдаланған. Байырғы Жібек жолы тек сауда жолы болып қана қойған жоқ, ол сонымен бірге халықтардың, түрлі елдердің бірін-бірі танып білуінің жолы болды. Керуендерге ілесіп шыққан не түрлі жиһангездер мен тыңшылар көрген білгендерін айтып, жазып отырған. Сондай елші кезбелердің ең алғашқылары әкелі-балалы Хашимдер арабтар тарапынан келген алғашқы жиһангез болатын. VIII—IX ғасырда өмір сүрген тарихшы Хишам ибн Фадланның «Пүттар туралы кітап» (*китап аль-аснам*) атты іргелі еңбегінде исламға дейінгі арабтар, оның ішінде Құрайштардың құдайлары ғана емес, сондай-ақ, сол кезде жаңадан жаулап алынған жерлердегі діни нанымдар туралы жазылған. Бұл жөніндегі деректер Әбу Райхан Бирунидің еңбектерінде көбірек кездеседі. Ал, Каспий (Хазар) теңізінен шығысқа қарай жатқан дала тұрғындарының сенім-нанымдары өрине «Веда», «Авеста» кітаптарында, онан соң Көк Төңірін танып білген Заратуштра (немесе Зор Ата деп те жүр) жазбаларымен жалғасып жатыр. Бұл сөздердің төркінінен түркілік ұғымдарды аңғару қиын емес. Зор, Үлкен-сенім аталығын, Ұлы баба дегенді білдірсе, «Ас» сөзі о бастан адам (инсан) дегенді білдіретіні белгілі. (*Мұны жазушы А. Сейдімбеков «Ата» деп жүр*). Мейлі, қалай аталса да зороастра діні біздің жыл санауымыздан екі жарым мың жыл бұрын түрікке дейінгі аталардың ұстаған діні екені сөзсіз.

Ал, түркі жұрты әу бастан Төңірі Құтынан медет сұраған. Соны мадақ етіп, оның көрінісі күнді, айды, жерді, суды пір тұтқан.

Далалықтар таңертең күн шығып келе жатқанда:

*Мәңгілік нұры сөнбейтін,
Еш нәрсе тең келмейтін,
Шұғыла шашып жылжыған
Ұлы күнге бұл дұғам.*

*Күн қызуын төккенде,
Жер ынтыға өпкенде
Жүз мың құдірет секілді
Ғажабы бар не түрлі
Ұлы күн бақыт береді*

Оған ғалам сенеді — деп қол жайып төу
ететін.

Ал енді мұнан да үлкен, мұнан да құдіретті күш, сол күн мен айдың өзін жаратушы күш бар екенін түйсікпен сезіп, оны төңірі деп танып келген дала түріктері Алла сөзін естігенде одан өзіне бұрыннан етене таныс тылсым күші бар екенін сезінбей қалған жоқ. «Қабұснамада» айтылғандай Алланың бар екендігі зайырда, жасырында (Алла көзге көрінбейді). Оның ұлылығын көзге көрінген затқа теңеуге болмайды. Оны тану үшін әуелі өзінді өзін танып білу керек. Өз жан жүрегіңе үйілу керек деген ол кез үшін мүлде тың, жаңа ұғым еді.

Замандар өте келе діндер де ақиқатқа қарай біртіндеп жақындай бастағаны, ескі нанымның орнына кітаби дінге бет бұру орын алды. Сол байырғы діндердің бір тармағы ретінде болып дала түріктері тәңірлік сенімді ұстап қалды. Ал, мұның өзі ислам дініне өзгелерден көрі үндес, тек бірлікті ғана, Жаратқан Иенің біреу ғана екенін мойындайды. Осыдан келіп ислам қағидаларының біздің арғы бабаларымызға анау айтқандай

жат көрінбегені таң қаларлық жағдай емес. Ислам діні пайғамбарымыздың өсиетіне лайық сахабалардың жанкешті соғыс қаракеттері арқылы тарағанымен, жаңа жерлерде мейлінше тамыр жайып, тез сіңіп кетуіне сол жердің өзінен де табан тірерлік моральдық, тұрмыс-салттық немесе азкем болса да рухани үндестіктердің табылуына байланысты.

Бұл жөнінде белгілі шығыстанушы П.Грязневич бышай деп жазған: «...ислам дінінің бас кітабы Құран — шығыс халықтарының рухани және қоғамдық дамуына ықпал ету ауқымы жөнінен бүкіл адамзаттық мұра болып табылады». Осы айтқандай, кез келген дін сияқты ислам діні де өзі жеткен аймақтарда үстем болып отырған моральдық, этикалық ғұрыптарға табан тіреген. Бөлкім сол табан тіреген ортаның рухани өлемінің сұранысына жуықтаған, ішкі үндестігі де алшақ болмаған шығар. Содан барып ислам дала халықтарының тек наным-сенімі, діні ғана емес, сонымен бірге сол аймақтың жеке мәдениеті, бұдан былайғы бүкіл рухани өміріне қатты ықпал ететін үлкен бетбұрыстың бастауы болып саналады. Бұдан былай кез келген шығыс халықтарының өміріндегі барлық ұқсастықтар исламнан нәр алып отыруында екендігі жоққа шығарылмайды. Қазір дүние жүзі халқының үштен бірінен астамына (бір жарым миллиардтан астам делініп жүр) мәдени негіз болған мөлдір бастаудан біздің байырғы бабаларымыз — дала түріктерінің де ерте кезде-ақ сусындағаны белгілі. Қазақты дінге онша берік емес деп қанша айтқанмен, оның жүрек түкпірінде өйтеуір бір жаратушы бар екендігіне деген наным, ізгі сезімі ешқашан суып көрген емес. Рас, өмір сүру, тұрмыс ыңғайына қарай алдымен малдың жағдайын

ойлағаны, жиі көшіп қонғаны, ірі қалалардың аз болуы ислам қағидаларын мейлінше қатаң сақтап, қалт еткізбей орындауына оңтайлы болмаған. Ең бастысы, көп жерлерде үздіксіз болып өткендей, дін негізіндегі азамат соғысы болған емес. Елді бірлікке, ынтымаққа шақырған өрі тұрмыс дәстүріне пәлендей қиянат жасамаған, оның үстіне өз билігі, бостандығына еш нұқсан келтірмей жан дүниеге тереңірек үңілуге, байырғы төңіріңмен тілдесуге кітаби жол салған дін қайтсе де далалық түрік ұрпағына жаттық еткен жоқ деп айтуға негіз бар.

Батыста Пиреней тауларынан асып өткен ислам қаруы сол елдің бұрынғы ұсақ корольдіктерінен бөлек өз алдына Кордова халифатын, одан бергі Кіші Азия мен Парсы түбегіндегі елдерде ғұмыр кешудің үрдіс, салтын түгелдей дін ықдалымен араб халифатына бейімдеп кетті. Ал, дала түріктерінде мұның біреуі де болған жоқ. Табиғатында өзгенің билігін мойындамайтын Түркілер елін ел болып, азат күйінде қалуын қалады, тек Алланың иманын қабыл етіндер деген уағызды қабыл алғандай болуының сыры да сол. Бірақ, бұл процесс өзгелерге қарағанда қазақ даласында мейлінше ұзақ, мейлінше еркін, бірнеше жүз жылдарға созылған уақытты қамтыды. Исламға бірте-бірте іш тартып, бүйрек бұруы тұз Түріктері үшін тарихи өте бір қиын кезеңмен түспа-түс келеді.

Бұл шақта, яғни байырғы Көк Түрік бірлестігі бұрынғы айбарынан айырылып (VII—X ғ.), әуелі Батыс және Шығыс Түрік болып бөлінгені, кейін бұл ұсақталу одан өрі жалғасып, баяғы Ашин қаған құрған тұтас түрік қағанаты ыдырап кеткені тарихтан аян. Түрік қағанаты (603—704) орнына Түркеш (704—746) қағанаты дүниеге келді. Қағанаттың

екінші атауы құрамына кірген рулар мен ұлыстардың санына байланысты «Он оқ» деп те аталған. Арабтар қазақ даласына міне осы кезде жеткен болатын. Бұған дейін олар Мауренахрды, Тохарыстанды бағындырып, Құтайба өскерлері Түргеш қағанатының астанасы Суяб пен ірі сауда орталығы Таразды да иемденді.

Бүкіл Батыс Түрік мемлекеті өлгі айтқандай ыдырап, оңтүстік шығыста (Жетісу, Іле бойы, Тянь-Шань алабы) Түркеш хандығы құрылса, Сырдарияның төменгі сағасында, Арал жағалауында Оғыздар мемлекеті, Ертіс бойы, Сарыарқа төсінде Қимақ (қыпшақ), ал, батыста Хазар мемлекеттері пайда болды. Бұл ыдырауға көзін алмай мұқият тігіп отырған шығыстағы көрші Қытай империясы атам заманнан келе жатқан түпкі мақсаты — осы ұлан ғайыр даланы иемдену саясатынан өлі де тайған емес-тін. Бұл жөніне сына руна жазумен қашалған Йоллығ тегін жазуында: «бізге соншама көп алтынды, күмісті, есірткі, ішкіні және жібекті шектеусіз беретін Табғаш халқының сөздері төтті, ал, асыл заттары жұмсақ болады, төтті сөздерімен және сөнді асыл заттарымен қызықтырып, олар шалғайда өмір сүрген халықтарды аса күшті еліктірушілікпен өздеріне тарта білді» деп жазуы бүкіл түрік жұртын қытай бодауына түсіп қалу қаупінен сақтандыру еді.

Сонымен исламға дейінгі түрік жұртының рухани идеалы жөнінде шығыстың керемет жанашыры, тамаша ғалым Лев Гумилев жақсы айтқан. «Осы тұсының (Тоныкөк жазуындағы ... — мен қытайларға барған едім, бірақ кетіп қалдым — деген пікірді айтып отыр) төтенше маңызды болатын себебі: мұнда тек мемлекеттердің тайталас күресі ғана емес, сонымен бірге мәдениеттердің күресі, екі

дүниетаным мен дүниетану мәніндегі түсініктердің күресі бар. Ұлы дала өз манифесімен қытай болмау, ол тек өзінше болу құқын мәлімдеді». (Л.Гумилев «Көне Түріктер» кітабы, 339-бет). Дала түріктерінің осындай асқақ та, еркіндік сүйгіш қасиеті сансыз мемлекеттерге бөлініп кетсе де, оның әрқайсысында сақталып, бөріне ортақ тіліндей, бөріне ортақ жеріндей, аса қымбат жан түкпірінде сақталатын бабалар аманатындай қастерлі болатын. Сондықтан да, Түркі жасақтары Араб жауынгерлерімен бірігіп, 756 жылы қытай қолына қарсы ойсырата соққы беруінің түпкі мәні де Қытайдан мүлде ірге бөлу саясаты болатын.

Қалай болғанмен, жат жерліктің аты жат жерлік! Қытайдан есе ала отырып, енді араб сахабаларының тым астамшылығына да жол бермеу керек болды. Бұл кезге дейін еш жерде анау айтқан күшті қарсылық көрмеген, оның үстіне Мұхаммед Пайғамбардың «Алла сөзін бар өлемге таратыңдар» деген өсиетін ту еткен араб өскерлерінің қарқыны да, өжеттілігі де ерекше еді. Сол тау суындай күшті екпінге алғашқы тосқауыл болған да осы түрік жасақтары болатын. Бұған дейін барлық басып алған жерлерінде, өсіресе жазуы жете дамыған парсы жерінде Құтайба қолы адам айтқысыз қатігездік жасап, қарсы келгендерді қырғынға ұшыратты. Бұл туралы Бирунидің жазбаларында егжей-тегжейлі айтылады.

Сондай бір жазбалардың ішінен өсіресе араб тарихшысы Әбу-Бөкір Мұхаммед ибн Жаффар Наршахидің болған оқиғаларды іле-шала, ізін суытпай жазған тауарихы мұны айқындай түседі: «... өр жолы Бұхара тұрғындары исламды қабылдады (Бұл хижраның 100 жылдығы түсі болатын). Бірақ арабтар кетісімен қабылдаған діннен айнып кетіп

отырды. Құтайба оларды үш рет мұсылмандыққа ендірді, сонда да болса олар одан қайтадан қол үзіп, көпірге айналып отырды. Ақырында Құтайба төртінші рет қатты соғыспен қаланы алады. Тағы да исламды күштеп уағыздау ісін жүргізеді. Сөйтіп, тұрғындардың жүрегін мұсылмандыққа иландырды. Құтайба оларды бұған барынша мәжбүр етіп келді. Сондықтан бөрі де ашықтан ашық исламды ұстаған түр танытып, ал жүрегінде пұтқа табынушы болып қала берді. Ақырында Құтайба шешім қабылдап, Бұхара тұрғындарының өз үйлерінің жартысын арабтарға беруіне, сөйтіп арабтардың олармен аралас-құралас тұрып жөне олардың өмірін білуіне, сөйтіп бірте-бірте бүкіл халықты мұсылманға айналдыруға бұйырды.

Содан кейін мешіттер салынып, пұтқа табынушылардың, герберлердің (зөрөш діні) кітаптары мен пұттарын өртетіп жіберді. Олардың салт-дәстүрлерін шектеді. Шариғат бұзғандардың өрбірін аяусыз жазалап отырды». («История Бухары», авторы — М.Наршахи). Бірақ бұл саясат тегін кетпеді, кейінгі бір қақтығыста Құтайбаның басын Талиб деген жергілікті батыр шауып түсірді. Бұл 715 жыл болатын. Бұдан кейін араб өскерлеріне Мухаммед Пайғамбардың күйеу баласы Ғазірет Ғалидің екінші өйелінен туған Мұхаммед-Ханафияның шөбересі Абд-Ар-Рахман имам басшылық етеді. Бұл кейбір жазбагерлердің деректерінде Тараз қаласына келген Ас-Садыр (өділетті) бап еді деп айтылып жүр. Ал інісі Әбдірахым бап бүкіл Жетісу жерін көктей өтіп, шығыс Түркістанға жетіп, Богра хан атанады. Бұл кісі соғыстан гөрі дін негіздерін **насихаттауға** көбірек көңіл **бөлетін**, мәмілегер адам болған деседі.

Қарамағында көптеген жақсы қаруланған, **соғыс** төжірибесі мол сахабалары бола тұра, соғыс